



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫСЫНЫҢ

ӨКІМІ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

ГОСУДАРСТВЕННОГО СЕКРЕТАРЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

2015-2016 жылдарға арналған мемлекеттік рәміздерді, елді мекендердің, қалалардың, аудандардың, Астана және Алматы қалалары мен облыстардың нышандарын қолдану мен ілгерілету жүйесін жаңғырту жөніндегі жоспарды бекіту туралы

1. Қоса беріліп отырған 2015-2016 жылдарға арналған мемлекеттік рәміздерді, елді мекендердің, қалалардың, аудандардың, Астана және Алматы қалалары мен облыстардың нышандарын қолдану мен ілгерілету жүйесін жаңғырту жөніндегі жоспар бекітілсін (бұдан әрі - Жоспар).

2. Орталық, жергілікті атқарушы және өзге мемлекеттік органдардың бірінші басшылары:

1) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне белгіленген мерзімдерде Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынып отырсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары Б.А.Майлыбаевқа жүктелсін.

**Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы**

Г. Әбдіқалықова

Астана, Ақорда, 2015 жылғы 22 қазан

№ 5



Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік хатшысының
2015 жылғы 22 қазандағы
№ 5 өкімімен
БЕКІТІЛГЕН

2015-2016 жылдарға арналған мемлекеттік рәміздерді, елді мекендердің, қалалардың, аудандардың, Астана және Алматы қалалары мен облыстардың нышандарын қолдану мен ілгерілету жүйесін жаңғырту жөніндегі ЖОСПАР

№	Шара атауы	Орындалу мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны	Бақылау	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)
1	2	3	4	5	6	7
1. МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР САЛАСЫНДАҒЫ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР						
1.	Әділет, Сыртқы істер министрліктерінің өкілдерін, қоғам қайраткерлерін геральдика, тарих, құқық, бейнелеу өнері, өлкетану салаларындағы ғалымдар мен сарапшылардың қатысуымен МСМ жанындағы мемлекеттік рәміздер мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңес құру	2015 ж., 2 желтоқсанға	МСМ, ӘдМ, СІМ, ИДМ, ҚМ	МСМ бұйрығы; ПӘ-ге ақпарат	ІСБ	қаржыландыру талап етілмейді

1	2	3	4	5	6	7
2.	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын қабылдау жөніндегі шараларды іске асыру	2015 ж., 2 желтоқсанға	МСМ	Конституциялық заң жобасы; ПӘ-ге ақпарат	ІСБ, МҚБ	қаржыландыру талап етілмейді
3.	«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін орналастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы № 873 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысын қабылдау жөніндегі шараларды іске асыру	2015 ж., 2 желтоқсанға	МСМ	қаулы жобасы; ПӘ-ге ақпарат	ІСБ	қаржыландыру талап етілмейді

1	2	3	4	5	6	7
4.	Мәдениет және спорт министрлігінде қолданыстағы штат саны мен бекітілген лимит шеңберінде мемлекеттік рәміздер саласындағы жұмысты үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімше (геральдикалық қызмет) құруды қамтамасыз ету	2016 ж., 1 наурызға дейін	МСМ	бұйрық; ПӘ-ге ақпарат	ІСБ	қаржыландыру талап етілмейді
2. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ІС-ШАРАЛАР						
5.	Елді мекендердің, қалалардың, аудандардың, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың нышандарының қолданылу практикасына талдау жүргізу	2016 ж., 1 наурызға	МСМ, ЖАО	ПӘ-ге талдамалық анықтама	ІСБ	қаржыландыру талап етілмейді
6.	Елді мекендердің, қалалардың, аудандардың, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың нышандарының қолданылу практикасына талдау жүргізу бойынша жұмыстың қорытындысын Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссияның қарауына енгізу	2016 жылдың бірінші жартыжылдығы	МСМ	2016 ж., 10 шілдеге, ПӘ-ге ақпарат	ІСБ	қаржыландыру талап етілмейді

1	2	3	4	5	6	7
7.	Мемлекеттік органдардың 2017-2018 жылдарға арналған елді мекендердің, қалалардың, аудандардың, Астана және Алматы қалалары мен облыстардың нышандарын әзірлеп, бекіту практикасын нормативтік реттеуді қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу және бекіту	2016 жылдың екінші жартыжылдығы	МСМ	Іс-қимыл жоспары; 2016 ж., 20 желтоқсанға, ПӘ-ге ақпарат	ІСБ	қаржыландыру талап етілмейді
8.	Мемлекеттік рәміздерді қолдану мәселелері жөнінде білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтері үшін оқыту семинарларын өткізу	жыл сайын	МСМ, БҒМ, ЖАО	2016 ж., 20 желтоқсанға, ПӘ-ге ақпарат	ІСБ	көзделген қаражат шегінде

1	2	3	4	5	6	7
9.	ҚР мемлекеттік рәміздері мен елді мекендердің, қалалардың, аудандардың, Астана және Алматы қалалары мен облыстардың нышандары ретінде қолданылатын геральдикалық белгілердің, салалық нышандардың қолданылуы жөнінде әдістемелік құрал әзірлеу	2016 жылдың бірінші жартыжылдығы	МСМ, БҒМ, ЖАО	әдістемелік құралдар; 2016 ж., 10 шілдеге ПӘ-ге ақпарат	ІСБ	017 «Ішкі саяси тұрақтылықты, қазақстандық патриотизмді, азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуды қамтамасыз ету», 001 «Жергілікті деңгейде мемлекеттік, ішкі саясатты және діни қызметті іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламалары бойынша көзделген қаражат шегінде, жергілікті бюджет қаражаты есебінен

1	2	3	4	5	6	7
10.	Мемлекеттік қызметшілерге арналған Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген төсбелгі нобайын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының қарауына енгізу	2016 ж., 1 ақпанға	МСМ, МҚІЖҚА, ҚМ, ҰЭМ	ПӘ-ге ақпарат	ІСБ	қаржыландыру талап етілмейді
11.	Қоғамдық-саяси ахуалды зерделеу жөніндегі әлеуметтік зерттеулер шеңберінде халық арасында азаматтардың ҚР мемлекеттік рәміздерінің тарихы мен қолданылу тәртібін білуі деңгейін айқындау мәселелері бойынша сауалнама жүргізу	жылына 2 рет	МСМ	2016 ж., 10 шілдеге және 20 желтоқсанға, ПӘ-ге ақпарат	ІСБ	001 «Мәдениет, спорт және дін саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде
3. АҚПАРАТТЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ						
12.	Мемлекеттік және орыс тілдерінде мемлекеттік рәміздерді қолдану қағидалары туралы әлеуметтік роликтер әзірлеу, оларды БАҚ-та орналастыруды қамтамасыз ету	дайындық – бірінші жартыжыл- дық; орналастыру – тұрақты түрде	ИДМ, МСМ	2016 ж., 10 шілдеге және 20 желтоқсанға, ПӘ-ге ақпарат	ІСБ	031 «Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыру» және 017 «Ішкі саяси тұрақтылықты, қазақстандық патриотизмді, азаматтық қоғам мен мемлекеттік

1	2	3	4	5	6	7
						институттар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуды қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламалары бойынша көзделген қаражат шегінде
13.	Мемлекеттік рәміздерді кеңінен танымал етуге бағытталған имидждік іс-шаралар өткізу	тұрақты	МСМ (жинақтау), ЖАО	2016 ж., 10 шілдеге және 20 желтоқсанға, ПӘ-ге ақпарат	ІСБ, МБАҰЖБ	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен 001 «Жергілікті деңгейде мемлекеттік, ішкі саясатты және діни қызметті іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде
14.	Білім беру ұйымдарының оқушылары арасында мемлекеттік рәміздерді кеңінен танымал ету жөнінде іс-шаралар өткізу (викториналар, олимпиадалар және т.б.)	жыл сайын	БҒМ, ЖАО	2016 ж., 20 желтоқсанға, ПӘ-ге ақпарат	ІСБ	көзделген қаражат шегінде

1	2	3	4	5	6	7
15.	Мұражайларда тұрақты түрде мемлекеттік рәміздердің тарихы туралы экспозициялар құру	2016 ж., I тоқсан	МСМ	мұражайлар- дағы экспозициялар; 2016 ж., 10 сәуірге, ПӘ-ге ақпарат	ІСБ	033 «Мәдениет пен өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу әрі кеңінен танымал ету және мұрағат ісін іске асырудың тиімділігін көтеру» бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде
16.	Мемлекеттік рәміздер күні ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында көшелер мен алаңдарда мемлекеттік рәміздер туралы фотокөрмелер жабдықтау	жыл сайын	МСМ (жинақтау), ЖАО	2016 ж., 25 маусымға, ПӘ-ге ақпарат	ІСБ	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен 001 «Жергілікті деңгейде мемлекеттік, ішкі саясатты және діни қызметті іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде

1	2	3	4	5	6	7
17.	МСМ интернет-ресурсында мемлекеттік рәміздерге арналған айдар ашу (мемлекеттік рәміздердің тарихы, оларды қолдану практикасы туралы, сондай-ақ мемлекеттік рәміздер туралы заңнаманың қолданылуы бойынша түсініктемелер бере отырып ол туралы және т.б. ақпарат)	2016 ж., II тоқсан	МСМ, ИДМ	МСМ интернет-ресурсындағы айдар; 2016 ж., 10 шілдеге, ПӘ-ге ақпарат	ІСБ	қаржыландыру талап етілмейді
18.	Республикалық телеарналарда мемлекеттік рәміздер және олардың қолданылу қағидалары бойынша бағдарламалар циклы мен хабарлар ұйымдастыру	тұрақты	ИДМ, МСМ	2016 ж., 25 желтоқсанға, ПӘ-ге ақпарат	ІСБ	087 «Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу» бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде

Ескерту: аббревиатуралардың жазылуы:

- ӘдМ – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
- БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
- ЖАО – жергілікті атқарушы органдар
- ИДМ – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
- ҚМ – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

1	2	3	4	5	6	7
МБАҰЖБ –	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімі					
МҚБ –	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Мемлекеттік құқық бөлімі					
МҚІЖҚА –	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы агенттігі					
МСМ –	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі					
ПӘ –	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі					
СІМ –	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі					
ҰЭМ –	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі					
ІСБ –	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімі					